



Қазақстан Республикасы қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен Келісілген

Төраға (Төраға орынбасары)



« 10 » желтоқсан 2007 жыл

«Альянс Банкі» Акционерлік Қоғамының ЖАРҒЫСЫ



« 12 » шілде 2007 жылы
Акционерлердің жалпы
жиналысымен
Бекітілген

« 12 » шілде 2007 жылғы № 09/07
жиналыс хаттамасы)



Осы Жарғы Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес жасалған және «ИртышБизнесБанк» Ашық Акционерлік Қоғамының барлық құқықтары мен міндеттері бойынша оның құқықтық мұрагері болып табылатын (бұдан әрі - «Банк» деп аталатын) «Альянс Банк» Акционерлік Қоғамының құқықтық мәртебесі мен қызметінің принциптерін анықтайды.

1-бап. Жалпы ережелер

1. Банкінің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарында заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) лицензиясы болуымен белгіленеді. Банк Акционерлік Қоғам түріндегі заңды тұлға болып табылады, дербес балансқа ие және толық шаруашылық есеп айырысу мен өзін-өзі қаржыландыру негізінде қызмет етеді.

2. Банкілердің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңды актілермен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен (келісімдермен), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі уәкілетті органының нормативті құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

3. Банкінің меншік нышаны – жеке.

4. Банкінің қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

5. Банк өз атауы жазылған мөрге, мөртабандар мен бланктерге ие.

6. Банк белгіленген тәртіпте уәкілетті органның рұқсаты болғанда, Қазақстан Республикасының аумағында да, сол сияқты оның шегінен тыс жерлерде де өзінің еншілес ұйымдарын құруға немесе ие бола алады, сондай-ақ уәкілетті органның келісімінсіз филиалдар мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

Банк Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде уәкілетті орган және шетел мемлекетінің тиісті қадағалау органының ақпаратты алмасу туралы келіссөз болған жағдайда ғана филиал ашуға құқылы.

7. Банкінің жұмыс және іс жүргізу тілдері мемлекеттік тіл және орыс тілі болып табылады.

2-бап. Банкінің атауы, орналасқан жері

1. Банкінің толық атауы:

а) қазақ тілінде: «Альянс Банкі» Акционерлік Қоғамы;

ә) орыс тілінде: Акционерное Общество «Альянс Банк»;

б) ағылшын тілінде: Joint-stock Company «Alliance Bank».

2. Банкінің қысқартылған атауы:

а) қазақ тілінде: «Альянс Банкі» АҚ;

ә) орыс тілінде: АО «Альянс Банк»;

б) ағылшын тілінде: JSC «Alliance Bank».

3. Банкінің атқарушы органы орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 80.

3-бап. Банк қызметінің мақсаттары

Банк қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке тұлғалары мен заңды тұлғаларына банк қызметтерін көрсету,

сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту, шетелдік ұйымдармен іскерлік ынтымақтастықты жетілдіру және нығайту үшін халықаралық қаржы институттарымен тікелей байланыс орнату негізінде табыс алу болып табылады.

4-бап. Банктің акционерлермен қарым-қатынастары

1. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі мүлік шегінде жауап береді.
2. Банк өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3. Қазақстан Республикасының заңнамалы актілерімен ескерілген өзге жағдайлардың басқасында Акционерлер Банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оларға тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
4. Банкілер мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді
5. Банк, Банкінің Акционерлеріне Банк қызметі туралы ақпаратты «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» республикалық газетінде мәліметтерді жариялау жолымен береді.
6. Банк сонымен қатар акционерлерге олардың сұраныстарына ақпараттарды жазбаша жауаптар арқылы береді. Акционерлер Банкінің міндетті түрде қарастыруға жататын жазбаша мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі сұраныстары, ұсыныстары, өтініштерімен Банкіге өтінуге құқықығы бар. Акционердің өтініштерінде аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) сұраныс себебі, талабы көрсетіледі. Өтінішке акционер жеке өзі қол қоюы тиіс. Өтініштерді жеке адамнан да сондай-ақ ұжыммен де жазуға болады.
7. Акционерлер сұранысы Банкімен қарастырылады және олардың Банкке түскен күнінен отыз күні ішінде олар бойынша шешім қабылданады.
8. Өтініштерге жауап, өтініш берілген тілде беріледі.

5-бап. Банкінің клиенттермен қарым-қатынастары

1. Банк клиенттермен қызметін, тараптардың өзара міндеттемелері мен экономикалық жауапкершілігін анықтайтын келісім-шарттық, төлемдік негізде жүзеге асырады.
2. Заңды және жеке тұлғалардың Банкідегі ақшасы мен басқа мүліктеріне, тек қана Қазақстан Республикасының заңнамаларымен ескерілген тәртіптегі жағдайларда ғана тыйым салынуы немесе өндіріп алу шаралары қолданылуы мүмкін.
3. Банк клиенттерінің, депозиторларының және корреспонденттерінің операциялары мен депозиттері бойынша құпияға, сондай-ақ Банкінің сейфтік жәшіктерінде, шкафтарында және үйжайларында сақталып тұрған мүліктің құпиялылығына кепілдік береді.
4. Банк құпиясы болып табылатын мәліметтер тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген негіздер мен шеңберіндегі тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.

6-бап. Банкінің жарғылық капиталы мен құнды қағаздары

1. Банкінің жарғылық капиталы, Банкінің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы ұлғайтылуы мүмкін.

2. Банкінің акциялары аукциондар немесе жазылу арқылы орналастырылады. Банкінің жазылу арқылы орналастырылатын акциялары осы орналастыру шеңберінде, басымды сатып алу құқығына сәйкес акцияларды алушы акционерлерден басқасында, акцияларды сатып алушы барлық тұлғалары үшін бірыңғай баға бойынша сатылуы тиіс.

Акционерлер акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органы белгілеген бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатып алудың басымды құқығына сәйкес сатып алады.

Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Банк органының осы орналастыру үшін белгіленген акцияларын орналастыру бағасы, осы акциялардың сатылып кетуі мүмкін ең аз бағасы болып табылады.

3. Банкінің жарияланған акцияларының көлемін өзгерту туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады.

4. Банкінің акциялары орналастырылғанда тек ақшамен ғана төленуі тиіс.

5. Жай акция акционерге дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығымен қатысуға, Банкінің таза табысы болған кезде дивидендтер алуға, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте, оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

6. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде, Қазақстан Республикасы Заңдарында белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Банкінің артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

7. Артықшылықты акция келесі жағдайлардан өзге жағдайларда акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді:

1) егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысы, шешімі артықшылықты акцияны иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарастыратын болса. Мұндай мәселе бойынша шешім, тек жарияланған (сатып алынғандарды алып тастағанда) артықшылықты орналастырылған акциялардың жалпы санының үштен екі бөлігінен кем емес бөлігі шектеуге жақтасып дауыс берген болса ғана қабылданған болып саналады;

2) егер Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкіні қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі мәселені қарастырса;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд, оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін үш ай ішінде толық көлемде төленбесе.

8. Банк заңмен белгіленген тәртіпте облигациялар мен өзге құнды қағаздар түрлерін шығаруға құқылы.

9. Акционердің кірісі Банк төлеп отырған оның иелігіндегі акциялар бойынша дивидент болып табылады.

10. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерден басқасында, Акционерлерінің жалпы жиналысындағы Банкінің дауыс беру акциялары жалпы көпшілік дауысымен дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылданған болатын жағдайда Банк акциялары бойынша Дивиденттер ақшалай немесе Банкінің бағалы қағаздарымен төленеді. Банкінің артықшылықты акциялары бойынша Дивиденттерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді. Банк акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен тек қана Банкінің жарияланған акцияларымен және олардың шығарылған облигацияларымен төлем жүргізілгенде ғана акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда дивиденттерді төлеуге рұқсат етіледі.

11. Банкінің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді есептеу мынадай жағдайларда рұқсат етілмейді:

1) меншікті капиталдың мөлшері теріс болған жағдайда немесе егер Банкінің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде теріс болатын болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе көрсетілген белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер төлеудің нәтижесінде пайда болатын болса.

12. Жылдық қорытындылар бойынша, Банкінің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жылдық жиналысымен қабылданады. Банкінің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл шешім көпшілік ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күнге дайын болуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл жағдайда ол шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде баспа басылымында міндетті түрде жариялануы тиіс.

13. Банкінің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу осы баптың 13-тармағымен қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайларда Банк органының шешімін талап етпейді.

14. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің кезеңділігі – жылына бір рет.

15. Бір артықшылықты акцияға дивиденд мөлшері – 1000 (бір мың) теңге бір артықшылықты акцияға белгіленеді.

Артықшылықты акциялар бойынша жарнакіріс төлеу мерзімі қаражаттық жыл аяқталуынан кейін алғашқы 10 (он) жұмыс күні ішінде іске асырылады. Артықшылықты акциялар бойынша жарнакіріс алу құқығы бар акционерлер реестрі, жарнакіріс төлеу іске асырылатын, қаражаттық жылдың ақырғы жұмыс күнінің жағдайы бойынша беркітіледі.

16. Банкінің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу іске асырылмайды.

7-бап. Банктің резервтік капиталы, провизиялары (резервтері) және қорлары

1. Банк қызметін жүзеге асырумен байланысты залалдарды жабу мақсатында Банк резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капитал Банкінің жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейінгі таза табысы есебінен құрылады. Резервтік капитал өкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қалыптастырылады және пайдаланылады.

2. Жүргізілетін акциялардың сипатына және масштабына сәйкес өз қызметінің тиісті бақылау және сенімділік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Банк, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өкілетті органмен белгіленетін тәртіпте және шарттарды орындай отырып, күмәнді және үмітсіз талаптарды ажыратып, оларға қарсы провизиялар(резервтер) құра отырып, берілген несиелерді және басқа активтерді жіктеуді іске асырады.

3. Банкпен, оның органдарының шешімдері негізінде оның қызметін жүзеге асыру үшін қажет болатын, мақсаты, мөлшерлері, принциптері, құрылу көздері және пайдаланылу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен және Банк органдарының шешімдерімен реттелетін қорлар құрылуы мүмкін.

8-бап. Банктің қызметінің мәні

1. Банк қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тыйым салулар мен шектеулерді есепке ала отырып жүргізеді.

2. Банк акциялар немесе жарғылық капиталдарда қатысу үлесін сатып алуға құқығы бар:

1) қаржылық ұйымдардың;

2) акциялары листингтің ең жоғарғы санаты бойынша қызметті Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасы тізіміне енгізілген, қаржылық ұйым болып табылмайтын заңды тұлғалардың;

3) кредиттік бюролардың, ломбардтардың, секьюритизация туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған арнайы ұйымдардың, бағалы қағаздарды орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-арнайы ұйымдардың, лизингтік ұйымдардың, сонымен қатар қызметінің ерекше түрі банктің операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке иелік ету және басқару болып табылатын ұйымдардың, банк қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың акцияларын немесе олардың жарғылық капиталына қатысу үлесіне;

4) кепіл ретінде қабылданған заңды тұлғалардың акциялары немесе олардың жарғылық капиталына қатысу үлесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Банк меншігіне өтетін жағдайларда осы ұйымдардың акцияларын немесе олардың жарғылық капиталына қатысу үлесіне;

5) банкілер ассоциацияларының (одақтарының);

6) Қазақстан Республикасының резиденттері-акционерлік инвестициялық қорларының;

7) банк мәртебесіне ие Қазақстан Республикасының бейрезидент-заңды тұлғаларының, сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларының;

Осы тармақтың 2) және 6)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың Банк иелігіндегі акцияларының саны, бір заңды тұлғаның орналастырылған акциялардың жалпы санының он пайызынан аспауы тиіс.

Осы тармақтың 1)-3), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін немесе акцияларын Банкінің иемденуі бір заңды тұлға үшін:

1) 1), 3) және 7) тармақшаларда көрсетілген ұйымдар үшін – Банкінің өз капиталының 15 пайызынан;

2) 2) және 6) тармақшаларда көрсетілген заңды тұлғалар үшін – Банктің өз капиталының он пайызынан аспауы тиіс.

Банк заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлесін сатып алған жағдайда кепілдік ретінде қабылданған осы ұйымдардың акциялары немесе жарғылық капиталына қатысу үлесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Банкінің меншігіне көшкенде, Банкінің мұндай заңды тұлғаларға қатысуы Банктің өз капиталының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс, сонымен бірге акцияларды немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлесін іске асыру мерзімі бір жылдан артық болмауы тиіс.

Банкінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталында немесе акцияларына қатысу үлесінің жиынтық құны мыналардан аспауы тиіс:

қаржылық ұйым болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін – банкінің меншікті капиталының алпыс пайызы;

сақтандыру ұйымдары үшін - банкінің меншікті капиталының қырық пайызы.

Банк уәкілетті органды онбес, отыз немесе қырық пайыз деңгейінен асу немесе азайу фактісі белгіленген күннен он күн ішінде хабарландыруға міндетті:

акциялардың саны Банк оған акционер болып табылатын заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы (артықшаланған және қоғам сатып алғандарды алып тастағанда);

Банк иелігіндегі заңды тұлғаның жарғылық капиталда қатысу үлесі.

3. Банк мыналармен мәмілелерді жасауға құқылы:

халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен, олардың тізімдемесі уәкілетті органмен жасалады;

рейтингілік агенттіктерінің уәкілетті органмен бекітілген ең аз талап етілген бір облигацияларымен.

4. Банк қызметін жүргізуден және Банк акцияларын сатып алу немесе осы баптың 2-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталы үлесіне қатысудан басқа Банк мына қызмет түрлерімен айналысуға құқылы:

1) банкінің жекелеген операциялар түрін жүргізуші банктер мен ұйымдар қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

2) ақпаратты тасымалдау иелерінің кез келген түрлерінде банк қызметі мәселелері бойынша арнаулы әдебиетті сату;

3) жеке мүлігін сату;

4) төлем карточкаларын және чек кітапшаларын шығару, сату және тарату;

5) банкаралық клирингті жүргізу (төлемдерді жинау, салыстыру, іріктеу мен расстау, сондай-ақ олардың өзаралық есеп жүргізуі мен клирингке қатысушылар – банкілер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымдардың таза позицияларын анықтау);

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген тәртіпте қарызгерлер кепілзатқа салған мүлікті сатуды жүзеге асыру;

7) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңестік қызметтер көрсету;

8) банктік қызметке байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың мүдделерін, секьюритизацияланған, инфрақұрылымдық облигациялар, сондай-ақ ипотекалық және өзге қамтамасыздандырылған облигациялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған арнаулы қаржылық компанияның облигацияларын ұстаушылар мүдделерін білдіру;

9) банк-қаржылық қызмет саласындағы мамандардың біліктілігін жоғарылату бойынша оқу ұйымдастыруды жүзеге асыру;

10) сақтандыру ұйымдарының - Қазақстан Республикасының резиденттерінің атынан сақтандыру шарттарын жасасу, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары атынан зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шарттар жасасу.

5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мынадай банкілік және және басқа операцияларды жүргізуге құқылы:

1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, банктік шоттарын ашуды және жүргізуді;

2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, банктік шоттарын ашуды және жүргізуді;

3) банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуды және жүргізуді;

4) жеке және заңды тұлғаларға тиісті тазартылған бағалы металдар мен бағалы металдардан жасалған тиындардың физикалық санын көрсететін осы тұлғалардың металдық шоттарын ашуды және жүргізуді;

5) кассалық операцияларды: осы тармақтың 1), 2), 6)-9), 12) және 13)-тармақшаларымен ескерілген банк операцияларын біреуін жүргізгенде оларды ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сақтауды қоса алғанда, қолма-қол ақшаларды қабылдауды және беруді;

6) аудару операцияларын: заңды және жеке тұлғалардың ақша төлемі және аударымы жөніндегі тапсырмаларын орындауды;

7) есеп операцияларын: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және басқа да борыштық міндеттемелерінің есебін (дисконтын);

8) банкілік қарыз операцияларын: ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанда несиелер беруді;

9) шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды;

10) банкноттарды, тиындарды және құндылықтарды инкассациялауды;

11) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдауды;

12) аккредитивті ашу (ұсыну) мен растауды және ол бойынша міндеттемелерді орындауды;

13) ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдіктерді беруді;

14) ақшалай нысанда орындауды көздейтін үшінші тұлғалар үшін банктік кепілдіктер мен басқа да міндеттемелерді беруді;

15) құйма түріндегі тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдарын), бағалы металдардан жасалған тиындарды сатып алуды, кепілге алуды, есептеуді, сақтауды және сатуды;

16) құрамында бағалы металдар мен бағалы тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алуды, кепілге алуды, есептеуді, сақтауды және сатуды;

17) вексельдермен операцияларды: вексельдерді инкассоға қабылдауды, төлеушілерге вексельді төлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуді, сонымен қатар ескертілген вексельдерді төлеуді, делдалдық ретінде вексельдерге ризалық білдіруді;

18) лизингтік қызметті жүзеге асыруды;

19) өзінің бағалы қағаздарын шығаруды (акцияларды қоспағанда);

20) факторингтік операцияларды: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқығын алуды;

21) форфейтингтік операцияларды (форфейтингтеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу жолымен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борышкерлік міндеттемесін төлеуді;

22) сенімгерлік операцияларды: сенім берушінің мүддесі үшін және оның тапсырмасы бойынша ақшаны, ипотекалық қарыздар мен тазартылған бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқаруды;

23) сейфтік операцияларды: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжат нысанында шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.

6. Банк уәкілетті орган берген лицензиясы бар болған жағдайда бағалы қағаздар нарығында кәсіпқойлық қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен не онсыз уәкілетті органның шешімі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен, базалық активтерінің тізбесі мен оны сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен - брокерлік;

2) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін алған елдердің бағалы қағаздарымен не онсыз уәкілетті органның шешімі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен, сондай-ақ базалық активтерінің тізбесі мен оны сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен, осы Заңның Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген жағдайларында өзге де бағалы қағаздармен - дилерлік;

3) кастодиалдық;

4) трансфер-агенттік.

9-бап. Банк акционерлері мен аффилирленген тұлғаларының құқықтары мен міндеттері

1. Банк акционерінің:
 - 1) заңнама және осы Жарғы көздеген тәртіпте Банкіні басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) акционерлердің Жалпы жиналысы айқындаған тәртіпте Банкінің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банкінің қаржылық есеп-қисабымен танысуға;
 - 4) тіркеушіден немесе атаулы иеден өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын қуаттайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банкінің Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
 - 6) Банкінің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - 7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жолдануға және сұрау Банкке келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 8) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте Банкінің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға құқығы бар.
2. Банк ірі акционері сондай – ақ құқықты:
 - 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;
 - 2) заңнамаға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкінің аудитын жүргізуін талап етуге құқығы бар.
3. Банкінің акционерлері:
 - 1) акциялардың ақысын төлеуге;
 - 2) Банкінің акциялары иелерінің тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күннің ішінде тіркеушіге және осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы иесіне хабарлауға;
 - 3) Банк немесе оның қызметі туралы қызмет, коммерциялық немесе заң қорғайтын өзге құпияны құрайтын ақпаратты жария қылмауға;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге міндеттер атқаруға міндетті.
4. Заңды тұлға болып табылатын, Банк ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға қаражаттық жыл аяқталысымен тоқсан күн ішінде қаражаттық есептілікті ұсынуға тиіс.
5. Жеке тұлға болып табылатын, Банк ірі қатысушысы уәкілетті органға қаражаттық жыл аяқталысымен тоқсан күн ішінде, табыс пен мүлік туралы мәліметтерді кіргізетін есептілікті, сонымен қатар төмендегілермен шектелмей, мәліметтері бар ақпаратты ұсынуға тиіс:
 - 1) олардың арасында немесе өзге түрде, келісім шарт күшіне Банкімен қабылданатын шешімдерге өзге тұлғалармен бірлесіп әсер етуді іске асыру, соның ішінде осындай әсер етуді анықтайтын өкілеттілікті беруді сипаттауды мазмұндайтын;
 - 2) ұйымдардың жарғылық капиталында (акциялар) оған тиесілі қатысу үлесін көрсетумен оның ұйымдардағы лауазымы туралы;

3) алынған қарықдар есебінен ұйымдардың жарғылық капиталында (акциялар) оған тиесілі қатысу үлесін сатып алу туралы;

4) жақын туыстары, әйелінің және әйелінің (күйеуінің) жақын туыстары туралы;

6. Банкілік холдинг уәкілетті органға ұсынуға тиіс:

1) есепті кварталдан кейін жүретін қырық бес күн ішінде кварталдық нығайтылған қаражаттық есептілік пен оған түсініктеме жазбаны;

2) қаражаттық жыл аяқталысымен тоқсан күн ішінде, нығайтылған және нығайтылмаған, жылдық, аудиторлармен куәландырылмаған, қаражаттық есептілік пен оған түсініктеме жазбаны;

7. Уәкілетті органның рұқсатынсыз бір де бір тұлға (тұлғалармен), өз еркімен немесе өзге тұлғамен (өзгелермен) бірігіп, Банкінің ірі қатысушысы бола алмайды. Банкінің ірі қатысушы статусын немесе банкілік холдинг мәртебесін алуға келісім беру, рұқсатты шақыртып алу ережелері, көрсетілген келісімдерді алу үшін ұсынылған құжаттарға талап уәкілетті органмен анықталады.

8. Банкінің афилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қоғамға афилирлік туындаған күннен жеті күн ішінде өзі туралы және өзінің афилирлігі туралы жазбаша түрде мәліметтерді ұсынуға міндетті.

9. Банкінің афилирленген тұлғасы болып табылатындар:

1) ірі акционер;

2) жақын туысқандықтағы жеке тұлға (ата-анасы, ағасы, апайы, ұлы, қызы), сонымен қатар некедегі жеке тұлғаның (ерінің (әйелінің) ағасы, апайы, ата-анасы, ұлы немесе қызы), Банкінің тәуелсіз директорынан басқа ірі акционері немесе лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлға;

3) Банкінің тәуелсіз директорынан басқа, осы тармақтың 1), 4)-9) тармақшаларында көрсетілген Банкінің немесе заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы;

4) Банкінің лауазымды тұлғасы немесе ірі акционері болып табылатын тұлғамен бақыланатын, заңды тұлға;

5) Банкінің лауазымды тұлғасы немесе ірі акционері болып табылатын тұлғаға қатынастағы заңды тұлға, ірі акционер болып табылады немесе мүліктің сәйкесті үлесіне құқығы болады;

6) Банкімен қатынаста ірі акционер болып табылатын немесе мүліктің сәйкесті үлесіне құқығы бар заңды тұлға;

7) Банкімен бірлесіп үшінші тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;

8) Банкімен жасасқан келісім шартқа сәйкес, Банкімен қабылданатын шешімдерді анықтауға құқығы бар тұлға;

9) осы тармақтың 1), 4)-8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың немесе Банкінің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызын, өзінше немесе өзінің афилирленген тұлғаларымен бірлесіп иеленетін, пайдаланатын, бұйыратын тұлға.

10) банкілік холдинг;

11) банкілік конгломератының қатысушылары;

12) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен сәйкес Банкінің афилирленген тұлғасы болып табылатын өзге тұлға.

10-бап. Банкінің органдары

Банкінің органдары:

а) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

ә) басқару органы – Директорлар кеңесі;

б) атқарушы орган – Басқарма болып табылады;

в) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

11-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің жоғарғы органы болып табылады.
 2. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:
 - 1) Банкінің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
 - 2) Корпоративті басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Банкінің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) қоғамның бағалы қағаздарының айырбастау шарттарын және тәртіптерін, сондай-ақ олардың өзгеруін анықтау;
 - 6) санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен жағдайларын анықтау;
 - 8) Банкінің аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;
 - 10) Банкінің есептік қаржылық жылдағы таза табысын пайдалану тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Банкінің бір жай акциясына шаққанда дивидендтер мөлшерін бекіту;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасы көздеген жағдайлар орын алған кезде Банкінің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;
 - 12) жиынтығында Банкке тиесілі активтердің барлығының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 13) Банкінің акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты көпшілік ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;
 - 14) Банк акциялардың өтеуін төлеп алған жағдайда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес олардың құнын айқындау әдістемесін (әдістемеге өзгерістерді) бекіту;
 - 15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16) егер Банкінің жарғысымен ондай тәртіп анықталмаған болса, акционерлерге Банкінің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде көпшілік ақпарат құралдарында анықтау;
 - 17) “алтын акция” енгізу және күшін жою;
 - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғысы олар бойынша шешімдер қабылдауды акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызған өзге мәселелер.
- Акционерлердің Жалпы жиналысының осы тармақтың 1) –4)-тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдері Банкінің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысып отырған, жиналыста ұсынылған, Банкінің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Банкінің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзыретіне табыстала алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банкінің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жылына бір рет шақырылады және Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген мерзімдерде өткізілуге тиіс.

Егер жиналыс қатысушыларын тіркеудің аяқталар сәтіне қарай оған қатысу үшін акционерлер тізіміне енген акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ, жалпы жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалған соң Банкінің дауыс беретін акцияларын иеленген тұлғалар, жиынтығында Банкінің дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызына ие болатын акцияларды меншіктену құқығын растайтын құжаттары бар акционерлер тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және ол бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның жоқтығынан өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркелудің аяқталар сәтіне қарай оған қатысу үшін жиынтығында Банкінің дауыс беретін акцияларының қырық немесе одан көп пайызына ие болатын акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап жүргізу Акционерлердің жалпы жиналысының алғашқы белгіленген (болмай қалған) жүргізу күнінен кейінгі келесі күннен ерте емес күнге тағайындалуы мүмкін.

Қайталап жүргізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуі тиіс.

Қайталап жүргізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінен айырмашылығы болмау керек.

Акционерлердің жылдық жиналыстан басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің, ірі акционердің ықыласымен шақырылуы мүмкін.

Егер Банк ерікті таратылу үрдісінде болса, Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы, Банкінің тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.

Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына жеке түрде немесе өкілі арқылы қатысуға, дауыс беруге және онда қарастырылған сұрақтар бойынша дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісім шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқылы тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысында Акционердің өкілі ретінде Банк Басқармасы мүшелерінің қатысу құқығы жоқ.

4. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі мәліметтер

негізінде Банк тіркеушісімен жасалады. Көрсетілген тізімнің жасалу күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешімді қабылдау күнінен бұрын белгілене алмайды.

Акционерлер («Алтын акция» иесі) алдағы Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарламаны жиналысты өткізу күніне дейін кем дегенде отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей алуы тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға хат жіберілуі тиіс. Компанияның акционерлерінің саны елу акционерден аспағанда, хабарлама жазбаша мәлімдеме жіберу арқылы хабарлануы тиіс.

Осы тармақта белгіленген мерзімдердің санағы Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы көпшілік ақпарат құралдарында хабарламаның жариялануы немесе оны акционерлерге («Алтын акция» иесіне) жазбаша хат түрінде жіберген күнінен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның мемлекеттік және өзге тілдерде, көпшілік ақпарат құралдарында жариялануы кезінде, осы бөлімде белгіленген мерзімдер санағы осындай басылымдардың ақырғы күнінен есептеледі.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған деректерді мазмұндауы тиіс.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібі Директорлар Кеңесімен қалыптастырылады және талқынауға шығарылатын нақтылы тұжырымдалған мәселелердің толық тізілімін құрайтын болуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібі ірі акционермен немесе Директорлар Кеңесімен толықтырылуы мүмкін, мұндағы орындалатын міндетті шарт – Банк акционерлері ондай толықтырулар жөнінде Жалпы жиналыстың өткізілу күніне дейін он бес күн бұрын хабар алуы тиіс.

Тікелей жүргізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар Кеңесі күн тәртібін өзгерту жөніндегі өздерінің алған ұсыныстары туралы мәлімдеме беруге міндетті.

Акционерлердің жалпы жиналысының Күн тәртібін бекіту жиналыста көрсетілген Банкінің дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілігімен іске асырылады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызына ие болатын акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көбі жақтап дауыс берген болса, онда күн тәртібіне толықтырулар және (немесе) өзгертулер енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

Күн тәртібінде “түрлі”, “сондайлар” “басқа” және оларға ұқсас қалыптасқан кең түсінікті қамтитын қалыпты сөздерді пайдалануға болмайды.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сол мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

Банк органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы келесі ақпаратты құрауы тиіс:

- 1) ата тегі, есімі, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің есімі;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкке аффилиирленгендігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орындары мен лауазымдары;

5) кандидаттардың біліктігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Банкінің Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе қосылғанда материалдарда Директорлар Кеңесі мүшесіне ұсынылған кандидат қандай акционер өкілі және (немесе) Банкінің тәуелсіз директоры лауазымына кандидат екендігі туралы мәлімет көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда келесі ақпараттар болуы тиіс:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) Жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп беру;
- 3) Банкінің бір қарапайым акциясына есептегенде бір жылғы дивиденттің көлемін және өткен қаржылық жылға Банкінің таза пайдасын бөлу реті туралы Директорлар Кеңесінің ұсынысы;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастырушының ниеті бойынша өзге құжаттар.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жиналыстың өткізілу күнінен кем дегенде он күн бұрын акционерлердің назарына ұсынылуы тиіс, ал акционердің сұрауы болған жағдайда – сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу үшін шығынды акционер көтереді.

7. Акционерлердің Жалпы жиналысының ашылуына дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның акционерлер жиналысына қатысу мен дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге қатысу құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болғанда жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) ендігі тіркеліп қойған, құлақтандырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақытынан бұрын ашыла алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын (ашық немесе құпия) айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әр акционердің бір дауысы бар, ал шешім қатысып отырғандардың жалпы санының дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер Банк басқармасына кіретін жағдайларды қоспағанда, Банк басқармасының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу барысында оның төрағасы қарастырылатын мәселе бойынша пікірталастарды тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге қоюға құқылы.

Төраға осындай сөз сөйлеу акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға жетектейтін немесе осы мәселе бойынша пікірталастар тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібінің мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқысыз.

Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарастыруды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелері қарастырылғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін жабық деп жариялана алады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында бейнеленген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігі үшін жауап береді.

8. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайларды қоспағанда, “бір акция - бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша максималды дауыстар санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру.

Қатысу тәртібінде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, осындай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әріде осы тармақта – қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) ол бойынша дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір мәселе бойынша жеке жасалған болуға тиіс. Бұл орайда қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында:

- 1) мәселенің тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
- 2) мәселе бойынша “қолдау”, “қарсы”, “қалыс қалды” сөздерімен бейнеленген дауыс беру нұсқалары немесе Банкінің органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

Акционер бюллетеньге қол қоюға өзі, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкке өзіне тиесілі акцияларды өтеуін төлеп алу туралы талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайларды қоспағанда, акционер қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

Қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс беруші бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуін белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

9. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру жүргізу арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданыла алады.

Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде дауыс беруге арналған біртұтас нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады).

Банк дауыс беруге арналған бюллетеньдерді акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында жекелеген акционерлерге іріктемелі түрде жолдауға құқысыз.

Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күнінен кем дегенде қырық бес күн бұрын жолдануға тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеннің құрамында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мәліметтер болуға тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер-жеке тұлға осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қояды. Акционер-занды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюға және заңды тұлғаның мөрімен расталуға тиіс. Акционер-жеке тұлғаның не

болмаса акционер-заңды тұлғаның басшысының қолтаңбасы жоқ, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде акционер бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуін белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің жекелеген кандидаттар үшін берліген дауыстар санын көрсету үшін шеттері болуға тиіс.

Егер алдында сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жолдаған акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келіп жетсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы көздеген талаптар сақталуға тиіс.

10. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде жасалған және қол қойылған болуға тиіс.

Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;

2) санақ комиссиясының мүшелері;

3) Банкінің дауыс беруші акцияларының он және одан артық акцияларын иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлер қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның оған қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оған берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі қол қояды.

Осы тармақта аталған тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталмыш тұлға хаттамаға қоса тіркеуге жататын бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме беріп, оған қоюдан бас тартуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығына сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерін жазбаша түсіндірулермен бірге қоса тігіледі. Аталған құжаттар Басқармада сақталуға және кез келген уақытта акционерлерге танысу үшін табысталуға тиіс. акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

12-бап. Банктің Директорлар Кеңесі

1. Банкінің Директорлар Кеңесі (бұдан әріде – Директорлар кеңесі) Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғы акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызған мәселелердің шешімін қоспағанда, Банкінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Банктің органы болып табылады.

Директорлар Кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

2. Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке тұлғалардың;

2) Директорлар Кеңесіне акционерлердің мүдделеріне өкілдік етушілер ретінде сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалардың;

3) басқа тұлғалардың (осы тармақпен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып) қатарынан сайланады.

Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толығымен Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін бере алады немесе Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуінің арасында үлестіре алады. Неғұрлым көп дауыстар санын жинаған кандидаттар Директорлар Кеңесіне сайланған болып мойындалады. Егер екі немесе одан артық Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттар тең дауыстар санын жинаса, осы кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Банкінің акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделеріне өкілдік етуші ретінде сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлға сайлана алады. Осындай тұлғалардың саны Директорлар Кеңесінің құрамының елу пайызынан астам бола алмайды.

Банк Басқармасының мүшелері, Төрағадан басқа, Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы, Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кем дегенде үш адам құрауға тиіс. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің кем дегенде үштен біреуі тәуелсіз директор болуы керек.

3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Банкінің акцияларын орналастыру (іске асыру), соның ішінде жарияланған акциялар санының шегінде орналастырылған (іске асырылған) акциялар саны туралы және оларды орналастыру (іске асыру) бағасы және әдісі туралы шешім қабылдау;

4) Банкінің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алуы туралы шешім қабылдау;

5) Банкінің жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;

6) Банкінің облигациялары мен бағалы қағаздарының туындыларын шығару жағдайларын анықтау;

7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлық ақыларының мөлшері мен еңбегіне ақы төлеу және сыйақыландыру жағдайларын айқындау;

9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;

11) аудиторлық ұйымның қызметтеріне, сондай-ақ ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының ақы төлеу мөлшерін анықтау;

12) Банкінің ішкі қызметін реттейтін (басқарма Банкінің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) құжаттарды, соның ішінде аукциондарды өткізу және Банкінің бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілеуші ішкі құжатын бекіту;

13) Банкінің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) қоғамның он және одан аса пайыз акцияларын сатып алу туралы (жарғылық капиталда қатысу үлесін) басқа заңды тұлғалардың, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

15) Банкінің міндеттемелерін оның меншікті капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

16) бұрынғы тіркеушімен шартты үзу жағдайында Банкінің тіркеушісін таңдау;

17) Банкінің немесе оның қызметі туралы қызмет, коммерциялық немесе өзге бір заң қорғайтын құпия құрайтын ақпаратты айқындау;

18) ірі мәмілелер мен Банк жасауға мүдделі өзге де мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

19) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы көздеген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.

Осы бөліммен белгіленген сұрақтар тізімі, Басқармаға шешім шығаруға беріле алмайды.

Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгені көздемеген болса, Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мәрте есе қайта сайлана алады.

Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жана Директорлар Кеңесін сайлау жүргізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесін жазбаша құлақтандырудың негізінде жүзеге асырылады. Осындай Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктері Директорлар Кеңесі аталған құлақтандыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында тұлғаланған дауыс беруші акциялардың жалпы санының дауыстарының қарапайым көпшілігімен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар Кеңесінің аталмыш мүшелерінің өкілеттіктері жалпы Директорлар Кеңесінің өкілеттіктер мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

5. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы санының дауыстарының көпшілігімен ашық немесе құпия дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғы айқындаған өзге функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6. Директорлар Кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не болмаса:

1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) ішкі аудит қызметінің;

3) Банкінің аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;

4) ірі акционердің талабы бойынша шақырыла алады.

Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің төрағасына құрамында Директорлар Кеңесінің ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жолдау арқылы қойылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, ынтагер аталған талаппен Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жолдануға құқылы.

Директорлар Кеңесінің отырысын Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар Кеңесінің жиналысы осы талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша құлақтандырулар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне және «алтын акция» иесіне отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоса тіркей отырып, отырысты өткізу күнінен кем дегенде үш күн бұрын жолдануға тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы құлақтандырудың құрамында отырысты өткізу күні, уақыты және орыны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі жоқ екені туралы Басқарманы алдын ала құлақтандыруға міндетті.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар Кеңесінің мүшелері санының кем дегенде жартысы болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері тек осындай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар Кеңесінің төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесі өзінің тек Директорлар Кеңесінің мүшелері қатыса алатын жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар Кеңесі, Директорлар Кеңесінің қарастыруына берілген сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру әдісімен шешім қабылдауға құқықты. Сырттай дауыс беру әдісімен Шешім, белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворумның болуымен қабылданған болып танылады. Директорлар Кеңесінің сырттай дауыс беру шешімі хат түрінде рәсімделіп, Директорлар Кеңесі төрағасы мен хатшысының қолы қойылған болуы керек. Шешімді рәсімдегеннен кейін жиырма күн ішінде ол Директорлар Кеңесі мүшелеріне, негізінде осы шешім қабылданған, бюллетеньдер қосымшаларымен жіберілуі тиіс.

Директорлар Кеңесінің қатысу тәртібінде өткізілген отырысында қабылданған шешімдері өткізу күнінен кейін үш күннің ішінде отырыста төрағалық еткен тұлға және Директорлар Кеңесінің хатшысы жасауға және қол қоюға және құрамында төмендегілер болуға тиіс хаттамамен ресімделеді:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орыны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

Директорлар Кеңесінің отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар Кеңесі шешімдері Банкінің мұрағатында сақталады.

Директорлар Кеңесінің хатшысы Директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай

дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді ұсынуға және (немесе) оған Банктің уәкілетті жұмыскерінің қолтаңбасымен және Банктің мөрі басылған хаттамадан үзінді көшірмелер және шешімдер беруге міндетті.

13-бап. Банк Басқармасы

1. Банкінің Басқармасы (бұдан әріде - Басқарма) ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын Банкінің атқарушы органы болып табылады. Басқарма осы Жарғы, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері Банкінің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызбаған Банкінің қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Банк егер мәмілел жасасу сәтінде татаптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, оның Басқармасы Банк белгілеген шектеулерді бұза отырып, жасаған мәміленің жарамдылығын даулауға құқылы.

2. Басқарма кем дегенде екі адам құрамындағы мүшелерден тұрады, соның ішінде: Банкінің Директорлар Кеңесі үш жыл мерзімге сайлайтын Басқарма Төрағасы, оның орынбасары (орынбасарлары) және (немесе) Басқарманың басқа мүшелері. Басқарма мүшелері болып Банкінің акционерлері мен оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері сайлана алады. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға Банкімен жасасатын дара еңбек шартымен айқындалады. Банк атынан Басқарма төрағасымен жеке еңбек келісім-шартына Директорлар Кеңесі Төрағасымен немесе Директорлар Кеңесімен немесе Акционерлер Жалпы жиналысымен осыған уәкілетті етілген тұлғамен қол қойылады. Басқарманың өзге мүшелерімен жеке еңбек келісім-шартына Басқарма Төрағасымен қол қойылады.

3. Басқарманың отырыстары қажеттілікке орай ол өзі айқындайтын күндерде, бірақ кем дегенде тоқсанда бір мәрте Басқарма Төрағасының, ал ол болмағанда – оның орынбасарларының бірінің төрағалық етуімен өткізіледі. Басқарманың отырысы егер оған оның мүшелерінің санының кем дегенде елу пайызы қатысып отырса, шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарманың отырысында оның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Басқарма мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының шешуші дауыс құқығы бар. Директорлар Кеңесінің төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Банк акционерлерінің Басқарманың қарастыруына мәселелер енгізу құқығы бар.

4. Басқарманың Төрағасын Директорлар Кеңесі сайлайды және төмендегідей өкілеттіктерге ие:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банкінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Банкінің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Банкінің жұмыскерлерін тағайындау, орнын ауыстыру және босату (Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген жағдайларды алып тастағанда) туралы бұйрықтар шығарады, оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар салады, Банкінің штаттық кестесіне сәйкес Банкінің жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларға дербес үстемақылардың мөлшерлерін белгілейді, Басқарманың құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Банкінің жұмыскерлеріне сыйақылардың мөлшерлерін айқындайды;

- 5) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік өрістерін бөледі;
- 7) осы Жарғымен және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Банкінің ішкі аудиті Қызметі

1. Қаржылық-шаруашылық қызметінің үстінен бақылау жүргізу үшін Банк өзінің құрылымында Ішкі аудит Қызметі болуы тиіс, оның қызметі лицензиялауға жатпайды.

2. Ішкі аудит Қызметі (бұдан әрі – Қызмет) коллегия жүргізу органы болып табылмайды және дербес шешімдер қабылдамайды, тікелей Директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

3. Банкіде ішкі аудит жүргізу, Қызмет жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасы, Банкінің құрылтайшы және ішкі құжаттары талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Қызметтің жұмыс тәртібі, сандық құрамы, штаттық саны өзгеруі, Қызмет жұмыскерлерінің төлемақысы мен еңбек жағдайларын Директорлар Кеңесі белгілейді.

5. Қызмет жұмыскерлері Директорлар Кеңесі және Банк Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

6. Ішкі аудит Қызметін Қызмет бастығы басқарады, ол тікелей Директорлар Кеңесі Төрағасына бағынады. Қызмет бастығы лауазымға тағайындалады, басқа лауазымға ауыстырылады және лауазымнан Директорлар Кеңесі шешімі негізінде босатылады.

7. Қызметтің жұмыскерлері (аудиторлары) тікелей бастығына бағынады. Аудитор лауазымға тағайындалады, басқа лауазымға ауыстырылады және лауазымнан Директорлар Кеңесі шешімі негізінде Қызмет бастығының ұсынысы бойынша босатылады.

8. Қызметтің негізгі мақсаты Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамаларын орындауын, Банкінің ішкі процедуралары мен ережелері болуын және сақталуын және Банк жүргізетін банкілік қызметтің сәйкесетін сипаты мен ауқымды операцияларын және тәуекелдерін азайтудағы сенімділік деңгейін тиісті қамтамасыз етуін бақылау болып табылады.

9. Банкінің ішкі аудиті үстінен бақылауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес, сонымен қатар Банкінің сәйкесінше ішкі құжаттарымен бекітілген, ішкі процедураларымен және бухгалтерлік есептілік саясатымен белгіленген Банкінің қызметтерді іске асыруын;

- жүйелік анализді іске асырумен және оның қаражаттық беріктілігімен және төлемділігі мәтініне Банкі қызметін бағалауға;

- қабылданатын шешімдерді орындау бойынша бақылаудың тиімділігін бағалау және тексеруде;

- сактивтерді және пассивтерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау, соның ішінде потенциалды тәуекелдер және қоржын құрылымын бағалау;

- Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылған банкілік және өзге операцияларды толық түрде және дәлдікпен көрсету, есеп пен есептілікте;

- банкілік және өзге қызметтерді іске асыру кезінде туындайтын тәуекелдерді басқарумен және мониторингті іске асыру оларды минималдандырумен;

- Қаражаттық ұйымдар мен қаржы нарығын қадағалау мен реттеу бойынша уәкілетті органмен бекітілген пруденциалды нормативтерді және өзге сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтау;

- Банкі есептілігінің халықаралық қаражаттық есептілік стандарттарына сәйкестілігін.

15-бап. Банкінің қаражаттық есептілігі мен аудиті

1. Банкінің қаржылық жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Банк қаражаттық есептілігі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шығыстар мен кірістер есептілігі, ақша қозғалысы мен өзге есептіліктер туралы есептілікті, Банк бухгалтерлік балансын өзіне қосады. Банкінің қаражаттық есептілігін құрастыру және бухгалтерлік есептілікті жүргізу реті Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленеді.

3. Банк Басқармасы жыл сайын оны талқылау және тексеру үшін акционерлердің Жалпы жиналысына өткен жылдағы жыл үшін, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес аудиті жүргізілген, қаражаттық есептілік береді. Қаражаттық есептіліктен басқа, Басқарма Жалпы жиналысқа аудиторлық есептілікті ұсынады. Банкінің жылдық қаражаттық есептілігі, акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізу күнінен кем дегенде отыз күн бұрын, Директорлар Кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Банкінің жылдық қаражаттық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

4. Қаражаттық есептілікті, сонымен бірге нығайтылған негіздегі қаражаттық есептілікті ұсыну реті мен мерзімі, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, тізімдер мен формалары уәкілетті орган келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленеді. Банк Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес оқиғалар мен операциялар есебін іске асырады. Банкінің Бухгалтерлік есебінің Политикасы Директорлар Кеңесімен анықталады.

5. Нығайтылған негіздегі (статистикалық және қаражаттық есептілікті алып тастағанда) есептілікті қосқанда, есептілікті ұсыну реті мен мерзімі, формасы, тізімі уәкілетті органмен бекітіледі.

6. Банк жылдық баланс пен шығыс, кіріс туралы есептілікті, уәкілетті орган келісімімен Қазақстан Республикасы ұлттық Банкімен белгіленген формада және мерзімде, акционерлер жалпы жылдық жиналысымен шығыс және кіріс есептілігі мен жылдық балансты бекіту мен олардағы ұсынылған мәліметтердің растығын Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сай аудиторлық ұйыммен (аудитормен) расталғаннан кейін жылдық есептілікті жариялайды.

Банк тоқсан сайын баланс пен шығыс, кіріс туралы есептілікті, уәкілетті орган келісімімен Қазақстан Республикасы ұлттық Банкімен белгіленген формада және мерзімде, аудиторлық растаусыз жариялайды.

Банк пруденциялық нормативтер және активтерді сыныптау мен формалары және ондағы берілген мәліметтердің шындығын Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым бекіткеннен кейін, уәкілетті орган белгілеген мерзімдері бойынша шартты міндеттемелерді (провизияларды қалыптастыру) туралы мәліметтерді орындау туралы есептерді жариялайды,

7. Банк жылдық қаражаттық есептілік аудитін өткізуге міндетті. Аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкесетін аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым Банкінің аудитін жүргізе алады.

8. Банк аудиті Директорлар Кеңесі, Басқарма ұсынысымен Банк есебінен немесе ірі акционердің өз есебінен талап етуімен өткізілуі мүмкін, бұл жағдайда ірі акционер өз еркімен аудиторлық ұйымды анықтауға құқықты. Ірі акционердің талап етуімен

аудит жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйыммен сұралатын қажетті барлық құжаттарды (материалдар) ұсынуға міндетті.

Егер Басқарма Банкке аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

9. Банк қызметі туралы алғашқы құжаттармен өзге ақпараттарды, бухгалтерлік есеп пен есептілік аудиті, Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сай және сәйкес келетін, аудит жүргізуге құқығы бар (күқықты) аудиторлық ұйыммен (аудитормен) жасалынуы мүмкін.

16-бап. Банкінің қызметкерлер құрамы

1. Банк дербес, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын есепке ала отырып, өз қызметін кадрлармен қамтамасыз етудің барлық мәселелерін шешеді, еңбекті ұйымдастыру, ақысын төлеу және материалдық ынталандыру нысандарын, өз қызметкерлеріне тарифтік мөлшерлемелер мен айлықақылардың, үстемақылардың, сыйақылар мен төлемдердің мөлшерлерін, жұмыс күнінің және жұмыс аптасының ұзақтығын, жыл сайынғы ақы төленетін және өзге демалыстар шамасын және беру тәртібін айқындайды.

2. Банк қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

17-бап. Банкінің Құқылық мәртебесін өзгерту және қызметін тоқтату

1. Банк өзінің қызметін ерікті қайта ұйымдастыруды (қосуды, біріктіруді, бөлуді, бөліп шығаруды, қайта құруды) Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі бойынша уәкілетті органның рұқсатымен жүргізілуі мүмкін.

2. Банкті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасымен ескерілген негіздер мен тәртіптер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

18-бап. Жарғыға өзгертулер

Осы Жарғыға енгізілетін, соның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдарда қайта тіркеуді талап ететін барлық өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен алдын ала міндетті келісуге жатады.

19-бап. Қорытынды ережелер

Осы Жарғының нормаларымен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Басқарма Төрағасы



Д.Ж. Керейбаев

Керейбаев Даури Мухаммедов

